

2024 жылға арналған Біржан сал ауданында шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелерін бекіту туралы

Ақмола облысы Біржан сал ауданы мәслихатының 2024 жылғы 24 желтоқсандағы № С-17/5 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 30 желтоқсанда № 8877-03 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-10-тармағына, "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 181 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33110 болып тіркелген) сәйкес, Біржан сал ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2024 жылға арналған Біржан сал ауданында шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелері хостелдерді, қонақжайларды, жалға берілетін тұрғын үйлерді қоспағанда, туристерді орналастыру орындарында болу құнынан 0 (нөл) пайыз мөлшерінде бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Біржан сал ауданы мәслихатының төрағасы

Н.Куатова